

Балалар жылына арналған «Әліппе атасы» қалалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережеі, «Әліппе атасы» қалалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсатын, міндеттерін, тәртібін анықтайды.

1.2. *Байқаудың мақсаты:*

- оқушылар арасында гуманитарлық – эстетикалық ғылыми байқауында тапқыр талантын, дарындылығын ашу, шығармашылық қабілеттерін айқындау.

- ертегілер туралы түсініктерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту.

- оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, шығармашылық шеберліктерін арттыру.

- көркем сөз ертегі, ертегі, мақал-мәтел арқылы сөздік қорларын молайту, ертегі мазмұны арқылы оқушыларды адамгершілікке, достыққа, жақсылыққа тәрбиелеу.

1.3. *Байқаудың негізгі міндеттері:*

- жалпы білім беру және зияткерлік білімдерді игеру, өздігінен білім алу және ол білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларына бағытталған дарынды балаларға арналған бағдарламаларын жүзеге асыру;

- шығармашылық қабілеті бар терең білімді дарынды балаларды анықтау мен мадақтау;

2. Байқаудың қатысушылары

2.1. Байқауға Павлодар қаласының мемлекеттік және аралас тілде оқытатын жалпы білім беру мекемелерінің 1 сынып оқушылары қатыса алады.

2.2. Квота: әр номинация бойынша 1 оқушы. (Барлығы әр мектептен 3 оқушы)

3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Байқау 3 номинация бойынша өтеді:

3.2. **Көркемсөз оқу** номинациясы бойынша байқауға қатысушы өзі таңдаған шығармасынан үзінді оқиды (3-5 минут).

3.3. **«Ғажайып ертегі»** – номинациясы бойынша өзі таңдаған ертегіні әңгімелейді (3-5 минут).

3.4 **«Мың бір мақал»** – бойынша мақал – мәтелдер жатқа айту, бір тақырыпты таңдап алу. (Мысалы: отбасы, отан, ақша, денсаулық (жатталған

мақал – мәтелдің тізімін тапсырыспен қоса жіберу және 15 мақал - мәтелден кем болмау керек).

4. Байқаудың бағалау өлшемдері

4.1. Байқауға қатысушыларды бағалау арнайы бекітілген қазылар алқасы тарапынан жүргізіледі. Жүлдегерлерді де қазылар алқасы анықтайды.

4.2. **Көркем сөз оқу** - номинациясы бойынша берліген шығарманы оқу мәнеріне көңіл аударылады.

- орындаушының жасына, мінезі мен темпераментіне сәйкестігі;
- тілінің анықтығы, мәнерлілігі, образдылығы және эмоционалдығы;
- пайдаланылған атрибуттардың, музыкалық безендірілуінің, костюмдердің мәтінге сәйкестігі;

4.3. **«Ғажайып ертегі»** номинациясы бойынша өзі таңдаған ертегіні әңгімелейді (3-5 минут).

- жасына, мінезі мен темпераментіне сәйкестігі;
- ойынның тапқырлығы, шеберлігі;
- пайдаланылған атрибуттардың, музыкалық безендірілуінің, костюмдердің мәтінге сәйкестігі;

4.4. **«Мың бір мақал»** – мақал –мәтел санына байланысты ұпай қойылады (бір мақал – мәтел 1 ұпай болып есептеледі).

- тілінің анықтығы;
- образдылығы және эмоционалдығы;

Бағалау 10 баллдық жүйемен жүзеге асырылады, ең жоғары ұпай жинаған үміткер жүлдегер болады.

5. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау.

Жеңімпаздар Павлодар қаласы білім беру бөлімі «Павлодар дарыны» БУҚБДДО I, II, III дәрежелі дипломдарымен сертификаттармен марапатталады.